

Әкімдіктің 2011 жылғы 3 қазандағы № 280 "Жекешелендіруге жататын, Қарабалық ауданының коммуналдық меншік объектілерінің тізбесін бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 6 ақпандағы № 60 қаулысы. Қостанай облысы Қарабалық ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 14 ақпанда № 9-12-176 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 25 сәуірдегі № 184 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2012.04.25 № 184 қаулысымен.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 18-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 – бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Қарабалық ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдіктің "Жекешелендіруге жататын, Қарабалық ауданының коммуналдық меншік объектілерінің тізбесін бекіту туралы" 2011 жылғы 3 қазандағы № 280 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-12-164 тіркелген, 2011 жылғы 3 қарашада "Айна" аудандық газетінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген жекешелендіруге жататын, Қарабалық ауданының коммуналдық меншік объектілерінің тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес реттік нөмірлері 6, 7, 8 - жолдармен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ф. Филиппов

Ә к і м д і к т і ң

2012 жылғы 6 ақпандағы № 60

қаулысына қосымша

Жекешелендіруге жататын, Қарабалық ауданының коммуналдық меншік объектілерінің тізбесі

			Негіздемесі	Объектінің
--	--	--	-------------	------------

Рет-тік нө - мірі	Объектінің атауы	Объектінің мекенжайы балансұстаушы	мен		жағ - дайы
6	Бұрынғы Светлый бастауыш мектебінің ғимараты, жалпы ауданы 153,2 шаршы метр	Қостанай Қарабалық Светлое "Қарабалық ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	облысы ауданы селосы бөлімі"	"Қарабалық ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің 2011 жылғы 10 қарашадағы № 1413 хаты	Жағ - дайы қана - ғатта - нарлық
7	Бұрынғы Березов бастауыш мектебінің ғимараты, жалпы ауданы 196 шаршы метр	Қостанай Қарабалық Березов "Қарабалық ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	облысы ауданы селосы бөлімі"	"Қарабалық ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің 2011 жылғы 10 қарашадағы № 1413 хаты	Жағ - дайы қана - ғатта - нар - лықсыз
8	"Көмек" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Қостанай Қарабалық Қарабалық кенті, мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	облысы ауданы "Көмек"	"Қарабалық кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің 2012 жылғы 5 қаңтардағы № 01-03 хаты	Жағ - дайы қана - ғатта - нарлық